



БҰЙРЫҚ

17.01.2022 ж

Есбол селосы

ПРИКАЗ

№ 7
село Есбол

**2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың
тамақтану сапасының мониторингін жүзеге
асыру бойынша комиссия жұмысын
ұйымдастыру; мектепте ыстық тамақ;
ауыз су режимінің ұйымдастырылуы туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығымен бекітілген “Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу» қағидаларын (ҚР Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 ж №235 бұйрығымен); Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің “Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар” санитарлық қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының сәйкес күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитарлық-профилактикалық іс-шараларын, Есбол орта мектебінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №92 бұйрығына өзгерістер енгізіп, 2021-2022 оқу жылында мектеп бойынша міндетті оқу қорынан бөлінген қаржы есебінен аз қамтылған, көмек қажет ететін, ыстық тамақпен қамтылуға жататын оқушыларды анықтау комиссиясының №2 хаттамасын басшылыққа алып

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп бойынша 1-4 сынып және «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы бойынша 5-11 сыныптар арасындағы әлеуметтік нысан бойынша арнайы оқушыларға мектеп асханасынан тамақ беру 2022 жылдың 17 қаңтарынан бастап ұйымдастырылсын.

2. Тамақтану сапасын бақылау мақсатында келесі құрамда комиссия құрылып, бекітілсін: (қосымша №1)
3. Мектеп оқушыларына ыстық тамақтың дұрыс ұйымдастырылуына комиссия мүшелері жауапты болып танылсын және тоқсан сайын ақпарат түрінде рәсімдеп педагогикалық кеңестің қаралуына ұсыну мектептің әлеуметтік педагогы А.Төреғалиеваға тапсырылсын.
4. Комиссия мүшелері бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес тамақтану сапасын бақылау мониторингісін (күн сайын әзірленген дайын тамақтың сапасын тамақтың дайындалу кезіндегі тазалықтың сақталуы, оның бір қалыпты ыстық күйде болуы, тамақтың өлшемі мен дайындалу технологиясы бекітілген ас мәзіріне сай болуы) жүргізісін.
5. Мектеп оқушылары тізімдегі жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы, күнкөрісі төмен жанұяның балаларын «LTD Плюс» ЖК ұйымдастыруы арқылы күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларын сақтай отырып, мектеп асханасынан ыстық тамақпен қамтылсын (оқушылар тізімі қосымша №2)
6. Ыстық тамақты ұйымдастыру кезінде бір балаға 300 тг мөлшерінде тамақтандыруға жүйелі түрде бақылау қамтамасыз етілсін.
7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің “Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар” санитарлық қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығының 122-тармағына сәйкес мектеп асханасында дайындалатын ыстық тамақ сапасын, ас мәзірін және сақтауда тұрған ішкі тамақтың сақталуын қадағалау мақсатында бракераждық комиссия құрылсын. (қосымша №3)
8. Асхана қызметкерлерінің медициналық тексеруден уақытылы өтуін бақылау және күн сайын тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізіп, санитарлық қағидалармен бекітілген нысан бойынша бракераж журналына жазба енгізу мектеп медбикесінің уақытша қызметін атқарушы Г.Нуримоваға міндеттелсін.
9. Ауыз су режимін ұйымдастыру үшін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің объектіде болатын барлық уақыт ішінде ауыз суға еркін қолжетімдігін қамтамасыз етуге жауапты әлеуметтік педагог А.Төреғалиеваға жүктелсін.
10. Осы бұйрықты басшылыққа алып, берілген жоспарға сай қаражатпен қамтып отыру мектеп есепшісі Р.Шалапиеваға тапсырылсын.
10. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директорының м.а



Е.Козыкешов

буырығына қосымша №1
директордың міндетін атқарушы
Е.Козыкешов

Комиссия төрағасы:

1.Е.Козыкешов – мектеп директорының міндетін атқарушы;

Комиссия мүшелері:

2. А.Төреғалиева – мектептің әлеуметтік педагогы;
3. Г.Мендигалиева – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
4. Г.Нуримова – мектеп медбикесі;
5. А.Есенаманова – ана-аналар комитетінің төрайымы;
6. Э.Саликова – кәсіподақ комитетінің төрайымы;
7. М.Жакиев – “Қамқоршылық кеңес” төрағасы;
8. Р.Шалапиева – мектептің есепшісі.

Есбол орта мектебінің
№7 санды «17» 01 2022 жылғы
бұйрығына қосымша №3
директордың міндетін атқарушы
Е.Козыкешов

Мектеп асханасында дайындалатын ыстық тамақ сапасын ас мәзірін және сақтауда тұрған ішкі тамақтың сақталуын қадағалау мақсатында құрылған бракераждық комиссия құрамы:

1. А.Төреғалиева – мектептің әлеуметтік педагогы;
2. Г.Мендигалиева – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;
3. Г.Нуримова – мектеп медбикесі;
4. А.Есенаманова – ана-аналар комитетінің төрайымы;
5. Р.Маукенова – шаруашылық меңгерушісі.

Есбол орта мектебі бойынша 1-11 сыныптарда білім алып жатқан аз қамтылған және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

«17» қантар 2022 жыл

Х А Т Т А М А №2

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

1.Е.Козыкешов – мектеп директорының міндетін атқарушы;

Комиссия мүшелері:

2. А.Төреғалиева – мектептің әлеуметтік педагогы;

3. Г.Мендигалиева – директордың тәрбие жөніндегі орынбасары;

4. Г.Нуримова – мектеп медбикесі;

5.А.Есенаманова – ана-аналар комитетінің төрайымы;

6.Э.Саликова – бастауыш кәсіподақ комитетінің төрайымы;

7.М.Жакиев – “Қамқоршылық кеңес” төрағасы;

8.Р.Шалапиева – мектептің есепшісі.

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы ыстық тамаққа қорытынды жасап, мемлекеттік сатып алуға конкурс жеңімпазы анықталғанға дейінгі бір көзден сатып алу тәсілімен жеке кәсіпкер “LTD Плюс” жөнінде мағұлмат беру;

2. Жетім, жартылай жетім, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан бастауыш және 5-11 сыныптарда оқитын оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету, өзгерістер болған жағдайда кері тізім жасақтау.

Тыңдалды:

Е.Козыкешов – директордың міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 8 маусымындағы №235 бұйрығының 70 тармағында көрсетілгендей, қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларды және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз еткен, 2020-2021 оқу жылдарынан бері мектебіміздің асханасын жалға алушы жеке кәсіпкер “Шамшарова Л.Ш” Шамшарова Лизигі. Бірге жұмыс жасаған аралықта бұл кәсіпкерге ата-ана және асхана қызметкерлерінің тарапынан ешқандай наразылық болмады. Тамақтар уақытылы әкелініп отырды. Дегенмен 2021 жылдың желтоқсан айының 30-ы күні келісім шарт мерзімі аяқталды. Шамшарова Лизигі денсаулығына байланысты

алдағы уақытта жұмыс жасай алмайтындығын ашық жеткізді. Мемлекеттік сатып алуға конкурс жеңімпазы анықталғанға дейінгі бір көзден сатып алу тәсілімен жеке кәсіпкер “LTD Плюс” ЖК (мекен жайы: Атырау қаласы, мкр. Жұлдыз, 19 көше, 63 пәтер) Нұрғалиева Г.М қамтиды, келісім шарт жасақталды.

Сөйлеу: Г.Нуримова – мектеп медбикесі

«Шамшарова Л.Ш» ЖК өнім беруші Шамшарова Лизигі біраз жылдан бері мектебімізге қызмет етіп, қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 5-11 сынып оқушыларын және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіп келеді. Тағамдары сапалы және мектебімізге уақытылы әкелініп тұрады. Өнімдері ас мәзіріне сәйкес таңдалынып келеді.

2022 жылдың қаңтар айынан бастап оқушыларға күніне 300 теңгенің тағамдары беріледі. Атап айтатын болсақ, дәруменге толы салаттар, оқушының арттыратын сорпа, ботқалар сонымен қоса шырын немесе ыстық шәй беріліп отырады. Мектеп медбикесі ретінде «LTD Плюс» ЖК Нұрғалиева Г.М өнім беруші жақсы жұмыс атқарады деп сенім білдіремін. Ата-аналардың тарапынан ешқандай сын айтылмайды деп ойлаймын. Өндірісте біраз жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан жеке кәсіпкер. Мектеп асханасы барлық санитарлық талапқа сай жасақталып оқушылардың дұрыс тамақтануына жағдай жасалған. Жаңа оқу жылында барлық ұстаздарға, білім алушыларға және де «LTD Плюс» ЖК өнім беруші Г.Нұрғалиева сәттілік тілеймін.

А.Төреғалиева – әлеуметтік педагог

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 08 маусымдағы № 235 бұйрығына сәйкес әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күн көрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылардың құжаттарын жинап, өтініштерін алып, комиссиядан өткен оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтуға міндеттіміз. Осыған орай Есбол орта мектебінде биылғы 2021-2022 оқу жылында барлық оқушылар дәстүрлі білім алуда. Атап айтсам, 1-4 сыныптарда барлығы 59 оқушы, 5-11 сыныптарда барлығы 82 оқушы білім алып жатыр. Осы оқушылардың ішінен аз қамтылған отбасы балалары мен жетім, жартылай жетім және көп балалы отбасыдан шыққан балаларға (59 оқушы 1-4 сыныптан, 46 оқушы 5-11 сынып оқушылары) сонда барлығы мектеп бойынша 105 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылуы тиіс. Мектебімізде көп балалы отбасы балалары көп. Сондықтан да бүгінгі жиналыста өтініш берушілердің әрқайсысының тұрмыстық жағдайын ескеріп, отбасына кіретін табыс көзін зерделеп, соған сәйкес оқушының санын белгілеп, ыстық тамақ беруді қолға алып отырмыз. Биылғы оқу жылында ыстық тамаққа құжаттары “Атырау облысы бойынша Мемлекеттік e-quzmetter.kz” порталы арқылы қабылданған болатын. Ата-ана сол порталға ЭЦҚ кілт арқылы өтініш тастады. Келіп түскен өтінішті arm.e-quzmetter.kz порталы арқылы қабылдап, бес жұмыс күні ішінде ата-анаға кері жауап қайтарылады. Бастауыш сынып оқушыларының өтініштері жазбаша ата-анадан алынады. Сол секілді жанадан түскен өтініштерді де портал арқылы қабылданады.

Әлеуметтік осал топқа жататын 5-11 сыныптар арасында көп балалы отбасы балалары көп. Жалпы білім қорынан көмек алған отбасы балалары ыстық тамақпен толық қамтылып отыр. Сонымен қатар әлеуметтік осал топтан бөлек, көп балалы,

толық емес отбасынан шыққан балаларды да ыстық тамақтың тізіміне енгізсек деген ұсынысым бар. Ата ана Шинибаева Зергул жақында жұмысқа шықты, жолдасы бахталық қызметте. Көп балалы отбасы, күміс алқа иесі. Жоғары сыныпта оқитын екі баласын ыстық тамақпен қамтуға өтініш тастады. Келесі өтініш тастаған ата ана Аманшиева Жанар жұмыссыз, жолдасы жұмыс жасайды. Көп балалы отбасы, күміс алқа иесі. Ата ана Хасанова Анар көп балалы ана, жұмыс жасайды, жолдасының тұрақты жұмысы жоқ. Мүмкіндігі шектеулі екі бала өсіріп отыр. Тағы да ата ана Утепкалиева Молдир мектепте кіші қызметкер, жолдасы бахталық қызметте. Көп балалы отбасы, жоғары сыныпта оқитын балдарын ыстық тамақпен қамтуымызды сұрап өтініш тастады. Осы селкілді айтып өткендей күміс алқаға иелі, көп балалы отбасы оқушылары көп. Бұл отбасыларды бәрімізде жақсы білеміз, танимыз, ауылымыздың тұрғындары.

Сөйлеу: Э.Саликова –бастауыш кәсіподақ комитетінің төрайымы:

Жоғарыда ұсынылып отырған отбасылардың барлығы ыстық тамақпен қамтылуға негізгі көрсеткіштері бар, барлығы да көп балалы ата ана. Сонымен қатар кәзіргі карантиндік жағдайда оқушылар, соның ішінде жоғары сынып оқушылары ыстық тамақты қажет етеді. Сондықтанда әлеуметтік педагог ұсынған отбасылардың балалары тегін ыстық тамақпен қамтылуға тиісті деп ойламын.

А.Есенаманова ата аналар комитетінің төрайымы:

Ұсыныс беріп отырған оқушыларыңызды зерделеп қарап отырмыз. Бұның ішінде көп балалы отбасының балалар көп екен. Толық емес отбасының балаларыда қамтылғаны дұрыс. Жоғарыда көрсетілген оқушыларды ыссы тамақпен қамтыуына комиссия мүшелерінің шешемімен келісемін.

Қаулы етеді:

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 8 маусымындағы №235 бұйрығының 70 тармағында көрсетілгендей, қамқоршылық пен қорғаншылықтағы, толық емес отбасында тәрбиеленетін, аз қамтылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды және бастауыш сынып оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылдың 8 маусымындағы №235 бұйрығының 70 тармағында көрсетілгендей, 5-11 сыныптарда оқитын оқушыларды және бастауыш сынып оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ететін «LTD Плюс» ЖК (мекен жайы: Атырау қаласы, мкр. Жұлдыз, 19 көше, 63 пәтер) Нұрғалиева Г.М білім беру ұйымында қызмет көрсету тәжірибесі бар өнім берушіге сұрау жіберілсін. Өнім беруші тарапынан шарттың қолданылу мерзіміне дейін жұмыс жүргізілсін.

Мектеп директорының м.а



Е.Козыкешов